

Бекітемін:

Мектеп директоры  К.С.Байғалиев



«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ-сі бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған мектепшілік ата-аналар

жиналысының

ж о с п а р ы

№	Жүргізілетін жұмыс	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.Әр отбасындағы бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі. 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктер.Біртұтас тәрбие бағдарламасы. 2. Оқушылардың жалпы қауіпсіздік ережелері туралы. 3. Мектептің ішкі тәртібі мен ережелері. 4.Асханадағы ыстық тамақты 2023-2024 оқу жылына ұйымдастыру. 5.Мектепшілік ата-аналар комитетін сайлау.	Қыркүйек	Мектеп директоры Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2	Тақырыбы: «Жазғы каникул кезіндегі еңбек пен демалыс» 1.«Жаз-2024» бағдарламасы 2.Ата-аналар комитетінің жылдық есебі 3.Оқу жылының аяқталуы 4.Әртүрлі мәселелер	Мамыр	Мектеп директоры Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

**«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ-де өткізілген жалпы
мектепшілік ата-аналар жиналысының
хаттамасы №1**

20.09.2023ж

Қатысқандар:1-11

сынып оқушыларының ата-аналары

Күн тәртібінде:

- 1.Әр отбасындағы бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі.
2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктер.Біртұтас тәрбие бағдарламасы.
2. Оқушылардың жалпы қауіпсіздік ережелері туралы.
3. Мектептің ішкі тәртібі мен ережелері.
- 4.Асханадағы ыстық тамақты 2023-2024 оқу жылына ұйымдастыру.
- 5.Тренинг

Тыңдалды:

Мектеп директоры К.С.Байғалиев ата-аналарды жиналыстың күн тәртібімен таныстырды.

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Әр отбасындағы бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі.
2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктер.Біртұтас тәрбие бағдарламасы.
2. Оқушылардың жалпы қауіпсіздік ережелері туралы.
3. Мектептің ішкі тәртібі мен ережелері.
- 4.Асханадағы ыстық тамақты 2023-2024 оқу жылына ұйымдастыру.
- 5.Ата-аналар комитетін сайлау.

Дауысқа салынды. Бірауыздан қабылданды.

Жиналыстың мақсаты:

- 1.Әр отбасының бала тәрбиесіндегі рөлінің маңызын арттыру. Баланың жағымды әдеттер мен құнды қасиеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе қарастыру.
 2. Оқушы қауіпсіздігіне байланысты жалпы ережелерді ата-аналарға кеңестер беру.
 3. Мектеп ережесі мен ішкі тәртібі туралы ата-аналарға түсіндіру.
- II.Мектептегі тәрбие жұмысы ата-аналармен бірлесе жүргізілгенде ғанаБірінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі

орынбасары Г.Ж.Тагаева ата-аналарды 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысында Біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстырып өтті.

Мектеп директоры балалардың қозғалыс құралдарын (мопед, велосипед, самокат) жүргізудегі қауіпсіздік ережелері туралы ,оқушылардың мектептен тыс уақыттағы қауіпсіздігі мен ережелері, мектептің ішкі тәртібі сақтауы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

4. Г.Ж.Тагаева Биылғы оқу жылында мектебімізде 1-4 сынып оқушыларының 102 оқушысы,5-11 сынып оқушыларынан азқамтылған көпбалалы отбасының 71 оқушысы күнделікті 1 мезгіл тегін ыстық тамақ ішетіндігі туралы айтты. (Анықтама хаттамаға тіркелді)

5. Мектепішілік ата-аналар комитетіне дауыс беру арқылы 5 ата-ана сайланды.

- 1.Абиленова Назым
2. Бакенина Меруерт
3. Байгапанова Тоғжан
4. Серғазы Нұргүл
5. Демісинова Гүлжанат

Жиналыстың шешімі:

1.2023-2024 оқу жылында мектепішілік ата-аналарға арналған жұмыс жоспары құрылып, бекітілсін.

2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі ата-аналардың юасты назарына алынсын.

3.Мектепішілік ата-аналар комитетінің құрамына тізімдегі ата-аналар сайлансын.

- 1.Абиленова Назым
2. Бакенина Меруерт
3. Байгапанова Тоғжан
4. Серғазы Нұргүл
5. Демісинова Гүлжанат

Жиналыстың хатшысы *Мақып* А.О. Мадыбаева

**«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ-де өткізілген жалпы
мектепшілік ата-аналар жиналысының хаттамасы №2**

22.05.2024ж

Қатысқандар: 1-11 сынып оқушыларының ата-аналары

Күн тәртібі:

Тақырыбы: Жазғы каникул кезіндегі еңбек пен демалыс

- 1.«Жаз 2024» бағдарламасы.
- 2.Ата-аналар комитетінің жылдық есебі
- 3.Оқу жылының аяқталуы
4. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Мектеп директоры Байғалиев Қ.С күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтіп, ата-аналар жиналысын ашық деп жариялады. Дауысқа салынды. Бірауыздан қабылданды. Мектеп директоры Байғалиев Қ.С сөйледі. Қазіргі уақытта балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалану өткір міндеттердің бірі. Сондықтан оқушылардың бос уақытын тиімді өткізудің ролі зор. Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалану арқылы оқушылардың тұлғалық өсуі мен өзіндік жетілуін ашуда жаңа мүмкіндіктер береді. Жаз айлары – балалардың толыққанды демалып, денсаулықтарын нығайтуларына, жаңа оқу жылын тың күшпен бастауларына қолайлы уақыт. Жаз айлары – мектеп оқушылары үшін ерекше ықыласпен күтілетін мезгіл. Әрбір бала демалысты жанға жайлы, қызықты өткізуді армандайды. Сабақ барысында берілетін демалыс күндері жаз кезіндегі демалыстың мол мүмкіндігін бере алмайды. Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана-сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Сондықтан жазда мектеп жанындағы екі маусымдық «Айналайын» лагері мен үйірмелер жайлы тәрбие ісінің меңгерушісі Тағаева Г.Ж сөз кезегін беремін.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тағаева Г.Ж сөз алды.

«Айналайын» лагері және оның жұмысына, лагерьде қандай жұмыстар ұйымдастырылады, қандай үйірмелер болады, лагерьдің негізгі мақсаттары қандай, «Мейірім», «Үржарайым» спорт және сауықтыру демалыс лагерінің жұмысы, осы лагерьде демалатын оқушылар санаттарымен таныстырып өтті.

Келесі кезекте сыныптар бойынша мектеп жанындағы үлескедегі іс тәжірибелер туралы тоқталып өтті. Сыныптардың негізгі атқаратын жұмыстары, мақсаты жайлы түсіндіріп өтті.

Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік туралы арнайы презентация көрсетілді.

Отбасылардың барлығы ыстық күндері балаларымен бірге суға шомылуға барады. Суға шомылуға барарда мына ережелерді ескерген жөн:

- Балаға сіздің қарауыңызсыз тіпті, үрлемелі дөңгелектер мен матраста болса да суға түсуіне рұқсат бермеңіз;

- Кішкентай баланы суға тек жүзгіш жилетпен немесе жеңдікпен жіберіңіз;
- Балаларға суда тығылатын немесе бір-бірін батыратын ойын ойнауына рұқсат бермеңіз. Оның орнына қуыспақты да, тығылыспақты да жағажайда ойнауларын өтініңіз;

Салқын тиіп қалмас үшін баланың суда болған уақытын бақылаңыз;

- Күн қатты ысып кетсе, баланың терісі күйіп кетпес үшін арнайы күннен қорғайтын құрал жағып қойыңыз.

Жазда табиғаттағы қауіпсіздік ережесі

Егер отбасыңызбен табиғатқа (орман, саябақ) шықсаңыз, мына ережелерді есте сақтаңыз:

- Мұндай жерлерде әдетте, кене көп болып келеді. Сондықтан балаға жабық шалбар мен жабық аяқ киім кигізген жөн. Шалбар балағын шұлыққа салып қойыңыз;

- Балаға ормандағы таныс емес саңырауқұлақтар мен жидектерді жеуге болмайтындығын түсіндіріңіз. Олар улы болуы мүмкін;

- Сона, ара секілді жәндіктердің шағуын болдырмас үшін олар бар кезде қозғалмай тұру керектігін айтыңыз;

- Мүмкіндік болса, баланы қараусыз қалдырмаған жөн.

Жазғы демалыстағы жалпы қауіпсіздік ережелері

Қауіп тек демалыс орындарында емес, балалар алаңында, жолда немесе қоғамдық орындарда да болады. Балаларға көлік жүргізу тыйым салынады. Ауыл ішінде жеңіл көлік жүргізу, жол үстінде велосипедпен жүру қауіпті болғандықтан бұл іс әрекеттерге де қатаң тыйым салынады.

2. Мектепшілік ата-аналар комитетінің жылдық жұмысы тыңдалып, жақсы деген баға берілді.

Қаулы:

1. Жазғы каникул кезіндегі оқушылардың демалысын ұйымдастыру ата-анаға міндеттелінсін.

2. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мұғалімдер тарапынан қадағаланып, ата-ана үнемі назарда ұстап отырсын.

3. Қауіпсіздік ережелерімен танысып, оқушылардың жазғы қауіпсіздігін басты назарда ұстау ата-анаға жүктелсін

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Байғалиев Қ.С.

Мадыбаева А.О